

«Бекітемін»

№8 «Гүлшар» бөбекжай-балалбақпешынын меңгерушісі:

Сейіт Э.Айтменбет

«*Сейіт*» 2025 ж.



ПЕДАГОГ – ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ




2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

Бекітемін:
№8 «Тинашар» бөбөсүккөй-балабакшасынын
менгерушисі:  Э.Айтбөмбөт



2025-2026 оқу жылына арналған
Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету
«ОЙНА ДА ДАМЫТ!» бағдарламасының
тақырыптық – күнтізбелік жоспары

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.



«Жас өркен » тобы

Тақырыбы: «Кел танысайық!»

Мақсаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ұсақ моторикалық және көрнекі қабылдау дағдыларын, назарын, қиялын, негізгі геометриялық фигуралардың атауын меңгеруді дамыту.

Мақсатты топ : ересек тобы

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен!» – сәлемдесу рәсімі Мақсаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ойын ережесі: Психолог балалардың біріне жақын барып, танысып, ойнауға шақырады («Сенің атың кім?», «Мерей, кел ойнайық!»). Содан олар бірге келесі балаға жақындап, онымен танысады және ойынға шақырады. Осылайша олар бірге келесі ойыншыға, тағысын солай жалғастырады. Олар жиналып болғасын, бірге шеңберге тығыздала жиналып, артқа қадам жасай отырып, «көпіршікті» үрлей бастайды. Әр қадам басқан сайын балалар – «Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен, үлкен боп үрлен де, жарылма!» ұрандатады. Психолог: «Көпіршік жарылды!» дегенде барлық балалар шапалақтап жарылған көпіршіктердің дыбысын шығарады. Қолдарын шапалақтап, қайтадан ортаға жиналады.	Балалар бір-біріне жақындап, ойнауға шақырады, содан кейін тығыз шеңберге жиналады, сол шеңберді үлкейте артқа қадамдар жасайды, қолдарын шапалақтайды.	2 мин.
2	Дәнді дақылдармен ойын «Гүлдерді салу» Мақсаты: саусақтардың ұсақ моторикасын, көру қабілетін дамыту. Нұсқаулық: Картонға бір уыс астық дәнін төгіп, балаларға сол дәндерден өз еркімен бірнеше сызбалар салуға ұсыныс жасаңыз. Содан кейін суреттер салуға өтініздер: толқын, жаңбыр, шеңбер, шаршы. Әртүрлі гүлдермен сурет салуды аяқтаныңдар: түймедақ, қызғалдақ және т.с.с.	Астық дақылдарымен картон қығалда сурет салады	Картон, астық дәндері 5-6 мин.
3	«Тізбектегі суреттер» ойын Мақсаты: Баланың қиялын дамыту және сонымен бірге балаларға негізгі геометриялық фигуралардың атауын білуге көмектесу. Нұсқаулық: Психолог еденде жіптен түрлі геометриялық пішіндерді жасап көрсетеді: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ. Содан кейін балаларға көрсетілген пішіндердің кез-келгенін өздеріне жасап көруіне ұсыныс жасайды.	Жіп көмегімен әр түрлі пішіндерді жасап көрсеті	Жіп 15 мин.
4	Релаксация және тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары» Барлық ойыншылар шеңбер бойымен отырады немесе тұрып тұрады. Психолог келесі нұсқаулар береді: «Қазір біз шарларды үрлеп көреміз деп елестетіңдер. Елестетіп тұрған шарды ақырындап үрлеп, көздеріңізбен шардың қалай үлкейіп бара жатқанын байқаныңдар. Елестетіп көріңіздер ме? Мен де сендердің үлкен шарларыңды көз алдыма елестетіп тұрмын. Ал енді үрленген шарларыңды бір – біріне көрсетіңдер! Жаттығу 3 рет қайталануы мүмкін.	Балалар орындарында отырып, айтылған шарттарды орындайды.	Релаксация мәтіні 5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тақырыбы: «Көңілді әтеш»

Мақсаты: өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу, ұсақ моторика және зейін қабілетін дамыту.

Мақсатты топ : ересек тобы

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Сәлем, мен көжекпін!» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу. Ойын ережесі: психологколына жұмсақ ойыншық ұстайды (көжек). Содан кейін балаларға көжекпен сәлемдесу ұсынылады. Әрбір бала көжекпен қол алысып, өзін еркелете таныстырады. - Сәлеметсің бе, көжек, мен Айгүлмын.	балалар көжекпен қол алысып, өзін еркелете таныстырады	Жұмсақ ойыншық, 3 мин.
2	Саусақ ойындары Мақсаты: саусақ бұлшықеттерін дамыту, сергіту. «Үйрек балапан» <i>Балапан, дыбыстамай! Аңшыңды іздеп көр!</i> Екі қол жұдырықтарын ашып – жауып отырыңыздар. «Саусақтар» <i>Бұл менің көмекшілерім, мың бұраға биейді.</i> <i>Бұлай бұра, бұлай бұра. Шаршамайды ешқашан!</i> (Қолды алға созамыз, саусақтарды түзетіп, қолды жоғары және төмен бұраймыз.)	Екі қол жұдырықтарын ашып – жауып отырады. Қолды алға созып, қолды жоғары және төмен бұрайды.	5 мин.
3	 «Көңілді әтеш» жаттығу Мақсаты: зейін қабілетін, сөздік қорын, ұсақ моториканы дамыту. Нұсқау: Бала төмендегі үлгілерді суретпен салыстыра отырып, дәл сондай фигураларды түрлі-түсті қаламдармен бояуы керек.	үлгілерді суретпен салыстыра отырып, дәл сондай фигураларды түрлі-түсті қаламдармен бояуы керек.	Бланк №1 15 мин.
4	«Кеме және жел» демалу және тыныс алу жаттығулары - «Біз желкенді кемеіздің толқандарда жүзін бара жатқанын елестетіп көрейікші, балалар, бірақ, ол кенеттен тоқтап қалды. Ал қанекей, оған көмектесу үшін желді көмекке шақырайық!» Терең тыныс алып, қатты шуылдата кемеге қарай жел үрлейміз. - Тағы бір қайталап көрейік. Мен желдің қалай соққанын естігім келеді! Жаттығуды 3 рет қайталауға болады.	Тыныс алу жаттығуларын орындайды	Музыка 5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Түзету – дамыту оқу қызметі №3

Тақырыбы: "Қоршаған әлем"

15 қазан 2025 ж.

Мақсаты: өзара әрекеттесу және кеңістікті дұрыс бағдарлай алуға дағдыландыру, ойлауды дамыту және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Мақсатты топ : ересек тобы

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрсеткіш құралдар және уақыт	
1	«Ізгі ниет тілегі» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: Топты біріктіру және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру. Нұсқаулық: Психолог балаларға бір – бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап, содан соң бір-біріне қарап, күлімсіреп, жақсы тілектер айтуды ұсынады.	Айтылған ұсыныстарды орындайды	2-3 мин.	
2	Ойын «Кім немен саяхатқа барады?» Мақсаты: көліктердің түрлерімен таныстыру, топтастыру. Психолог балаларға көліктердің түрлерін атап, оларды топтарға бөлуін, содан соң оларға қалаған көліктерін тандап алып, түрлі-түсті қалам мен бояуға ұсыныс жасайды.		Көлік түрлерін атау, топтарға бөліп, қалаған көлік түрін бояйды.	түрлі-түсті қарындаштар бланк №2 10 мин.
3	Қоршаған ортамен танысу. Суреттен тірі және өлі табиғатқа қатысты дүниені анықтау. Бізді қоршаған табиғат туралы балаларға түсінік беру. Суретте тірі табиғат (адам, жануарлар, өсімдіктер) және өлі табиғат (от, су, құм, тастар) көрсетілген.	Тірі және өлі табиғатқа қатысты дүниелерді анықтайды.	Дидактикалық карточка	
4	«Қуаныш», тыныс алу және релаксация жаттығуы Мақсаты: Шаршау және эмоциялық күш салудан тынықтыру. Нұсқаулық: Балалар жатып, көздерін жабады. Олар бір-бірімен тыныш сөйлесе алады. Содан кейін психолог оларды жылы күнде, ағаштың көлеңкесінде жатқанын елестетуді ұсынады. «Терең тыныс алып, жылу мен тыныштықты сезіңдер!» . Балаға қалай тыныштық пен қуаныш сезімін бастан кешетіндігі айтылады.	Балалар кілемше үстіне жатып, көздерін жұмады	Релаксацияға арналған кілемше, құстар сайраған әуен	5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.		2 мин.

Педагог-психолог: *Маханбетиярова М.М.*

Тексерілді:

Step

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту, қоршаған әлеммен (жыл мезгілдерімен) таныстыру, зейін аударуды және көріп қабылдау дағдысын дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: *Маханбетиярова М.М.*

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	Сәлемдесу рәсімі. Мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын және балалардың өзара сыйластық мәдениетін дамыту. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-біріне доп беріп, жақсы тілектер тілейді.	Жаттығуды орындайды	доп	
2	Ойын «Не жоғалды?» Үстелде жыл мезгілдеріне байланысты бірнеше заттар немесе суреттер қойылады. Бала жақсылап қарап алып, сосын арт қарайды. Психолог бір затты не суретті алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, жоғалып кеткен затты тауып, қай жыл мезгіліне байланысты екенін баяндауы қажет.	Жоғалған затты не суретті табуы қажет	Жыл мезгіліне байланысты заттар немесе суреттер 10 мин.	
3.	Жаттығу «Кімнің көлеңкесі?» Әр объектінің тастайтын көлеңкесін тауып, оларды сызықтармен байланыстыр. Аяқ киімдерді түрлі – түспен бояп, аяқ киімдерді қай жыл мезгілдерінде киюге болатынын талқылаңыздар.		Заттарды көлеңкелеріне қарай табу. Аяқ киімдерді бояу.	Бланк №4 түсті қаламдар 15 мин.
4.	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.	

Тексерілді:

Muf

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту, көршілерімен (жыл мезгілдерімен) таныстыру, зейін аударуды және көріп қабылдау дағдысын дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	Сәлемдесу рәсімі. Мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын және балалардың өзара сыйластық мәдениетін дамыту. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-біріне доп беріп, жақсы тілектер тілейді.	Жаттығуды орындайды	доп	
2	Ойын «Не жоғалды?» Үстелде жыл мезгілдеріне байланысты бірнеше заттар немесе суреттер қойылады. Бала жақсылап қарап алып, сосын арт қарайды. Психолог бір затты не суретті алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, жоғалып кеткен затты тауып, қай жыл мезгіліне байланысты екенін баяндауы қажет.	Жоғалған затты не суретті табуы қажет	Жыл мезгіліне байланысты заттар немесе суреттер 10 мин.	
3.	Жаттығу «Кімнің көлеңкесі?» Әр объектінің тастайтын көлеңкесін тауып, оларды сызықтармен байланыстыр. Аяқ киімдерді түрлі – түспен бояп, аяқ киімдерді қай жыл мезгілдерінде киюге болатынын талқылаңыздар.		Заттарды көлеңкелеріне қарай табу. Аяқ киімдерді бояу	Бланк №4 түсті қаламдар 15 мин.
4.	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.	

Тексерілді:



Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі №6


«12» қараша 2025 ж.

Тақырыбы: «Тәулік уақыты»

Мақсаты: зейін салу қабілетін жаттықтыру, ұсақ моторика және қол қозғалысы үйлестігін, көрін қабылдау дағдыларын дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Махамбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Сәлем, досым!» - сәлемдесу рәсімі. Мақсаты: жағымды көңіл – күйді қалыптастыру. Нұсқау: сөзбен бірге қимылды үйлестіреді. - Сәлем, досым! - Қалай жағдай? - Қайда жүрсің? - Мен сені сағындым! - Сен келдің бе! Өте жақсы!	2-рет қайталайды	3 мин
2	Жаттығу «Үзік сызықпен бейнеленген үлгіні үстінен сызып шығу» Мақсаты: зейін салу қабілетін жаттықтыру, ұсақ моторика және қол қозғалысы үйлестігін дамыту. Бала үлгі бойынша кескінделген суреттерді үстінен сызып шығуы қажет.		Үзік сызықтар бойымен суреттерді сызып шығуы қажет
3	Ойын «Суретке сәйкес тәулік мерзімін атай» Мақсаты: көрнекі қабылдау, қоршаған ортамен танысу. Бала суреттегідей күнделікті тәулік бөліктеріне ажырата және атай білуі керек, сонымен қатар сол уақыт кезеңіне байланысты тамақтану уақыттарын айтып беруі керек: таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі шай, кешкі ас.		Тәулік мерзімін, сонымен қатар тамақтану уақыттарын айтып шығады.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді	2 мин

Тексерілді:



Тақырыбы: «Топтарға жіктеу»

Мақсаты: көрнекі қабылдауды дамыту, жіктеу, ұсақ моторика дағдыларын және қол қозғалысы үйлестігін, ойлау қабілетін дамыту.

Мақсатты топ: 1-4 сынып оқушылары

Педагог-психолог: М. Маханбетиярова

№	Іс-әрекет түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. «Сәлем» Балалар психологтың белгісі бойынша амандасады : - Алақанды бір рет соғып – қолдарымызбен амандасамыз; рет соғып – иықтарымызбен амандасамыз; - Үш рет соғып – арқамызбен амандасамыз	Сәлемдеседі	2 мин.
2	«Сиқырлы суреттер» жаттығуы Мақсаты: ұсақ моториканы және көрнекі қабылдауды дамыту; Нұсқаулық: суреттегі элементтердің арасында жиназдың бөлігін табу және безендіру. 	Жиназдарды тауып, түрлі – түсті қаламдармен бояйды.	Суреттер 12 мин.
3	«Топтарға жікте» Мақсаты: заттарды ұқсастығы бойынша жіктей білу Нұсқаулық: Бала бір сөзбен айтқанда, заттарды топтарына байланысты атауы тиіс. Мысалы: ыдыс-аяқ, жиназ, киім, көкөніс және т.б.	заттарды топтарына байланысты жіктейді. (ыдыс-аяқ, жиназ, киім, көкөніс және т.б.)	Классификация бойынша суреттер 3 мин.
4	«Көжек» - сергіту жаттығуы Мақсаты: қол қимылы және баланың қозғалыс белсенділігін үйлестіру. Нұсқаулық: балалар тақпақ айта отырып, қимыл әрекеттерімен көрсетіп шығады Қоян, қоян тұршы, Беті қолыңды жушы. Шашыңды тарашы, Айнаға қарашы.	Тақпақты айта отырып, қимыл әрекеттерінмен көрсетіп шығады.	6 мин.
5	Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді: М. Рахмет Р.Б.

Тақырыбы: «Кім қайда барады?»

Мақсаты: қоршаған ортамен танысу және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, көрнекі қабылдауды дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, бала зейінін және ойлау қабілетін арттыру.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Бізді қоршаған әлем», сәлемдесу рәсімі. Мақсаты: бірлестік, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру, қол қозғалысы үйлесімдігін дамыту. Нұсқаулар: Балалар тұрып, қол ұстасып, бір-біріне қарап, күлімсіреп, күнге сәлем беріп, аспанға, ағаштарға, шөпке, жерге (қолдарын көтере созып) сәлем береді.	Шеңберге тұрып, қолдарымен ұстап, бір – бірімен күлімсіреп аминдасалы.	2 мин.
2	Ойын «Біз отырамыз, ұшамыз» Мақсаты: қоршаған ортамен танысу, классификация. Нұсқаулық: суретте бейнеленген үй құстары және қыс айларында жылы жаққа қоныс аударатын құстарды тауып, анықтама беру. Бала барлық үй құстарын, бірнеше жылы жаққа ұшатын құстарды атап шығуы қажет. (қаз, үйрек, тауық т.с.с.). Содан кейін психолог балаларды екі командаға бөліп, ойынға шақырады. Біреуі «ұшу» командасы бойынша жылы жаққа ұшатын құстардың ролін ойнайды, ал екінші топ «отырамыз» деген командамен қыстайтын құстардың ролін ойнайды.	үй құстары және қыс айларында жылы жаққа қоныс аударатын құстарды атайды, ойын ойнайды.	үй құстары және қыс айларында жылы жаққа қоныс аударатын құстар бейнеленген суреттер 5 мин.
3	«Кім қайда барады?» Мақсаты: назар аудару, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: бала көзбенен (қол көмегімен) жолдарды өтіп шығуы қажет.	 бала көзбенен (қолдарының көмегімен) жолдарды өтіп шығады.	10 мин.
4	Релаксация және тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары» Барлық ойыншылар шеңбер бойымен отырады немесе тұрып тұрады. Психолог келесі нұсқаулар береді: «Қазір біз шарларды үрлеп көреміз деп елестетіңдер. Елестетіп тұрған шарды ақырындап үрлеп, көздеріңмен шардың қалай үлкейіп бара жатқанын байқадыңдар ма? Елестетіңдерші! Мен де сендердің үлкен шарларыңды көз алдыма елестетіп тұрмын. Ал енді үрленген шарларыңды бір – біріңе көрсетіңдер!» Жаттығу 3 рет қайталануы мүмкін.	Балалар орындақтарда отырып, айтылған шарттарды орындайды.	Релаксация мәтіні 5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін неңі үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.


Тексерілді: М.М.

Тақырыбы: «Осы үйде кім тұрады?»

Максаты: қозғалыс белсенділігін, әлеуметтік – тұрмыстық бағдарын, ойлау, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	«Үйде кім тұрады?» - сәлемдесу рәсімі. Балалар үйге «кіреді» - ол үшін әрбір бала қолдарын көтеріп, шатырды көрсетіп тұрады. Психолог әр үйге жақындап, есігін қаға отырып, «үйде кім тұрады?» деп сұрайды. Бала өз есімін айтады. Содан кейін жүргізуші әр балаға: «Саған не ұнайды?» деп сұрайды. Балалар психологтың сұрақтарына жауап береді: (Қай елде өмір сүріп жатырмыз?, Біздің Отанымыздың қалай аталады? Біздің балабақша атауы қалай? мекен-жайымыз т.с.с)	Балалар психологтың сұрақтарына жауап береді	7 мин.	
2	«Менің көлеңкемді тап» ойыны. Нұсқаулық: суретте жануарлар мен көлеңкелері көрсетіледі, бала жануардың көлеңкесінің қайда екенін анықтауы керек.		Жануарлар көлеңкесін табады	Жануарлар бейнделген суреттер 3 мин.
3	«Бананға жету үшін маймылға көмектес» ойыны. Максаты: назар аудару, көріп қабылдау дағдысын дамыту. Нұсқаулық: кім қайда барады? Барлық жолдарды көзбен (қолдарсыз) жүріп шығу қажет.		Қол көмегісіз бала жолдарды табады	Арнайы сурет 8 мин.
4	«Қандай зат артық және неге?» Максаты: ойлау қабілетін дамыту. Нұсқаулық: бала әрбір топтан «артық» заттарды тауып, оның неліктен артық екендігін түсіндіруі керек.		әрбір топтан «артық» заттарды тауып, оның неліктен артық екендігін түсіндіреді	Артық заттар бейнделген сурет топтамалары 5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.	

Тексерілді:

M.M.

Тақырыбы: «Суретшіге көмектес»

Мақсаты: бала зейінін және көріп қабылдау дағдыларын дамыту, қоршаған ортамен танысу, ойлау, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	«Мүқият балыңыз!» Психогимнастикасы Мақсаты: бала зейінін ынталандыру, тез және нақты әрекет етуге баулу. Нұсқаулық: Балалар бір-бірімен сәлемдесіп, еркін тұрады. Ойын шарты түсіндіріліп, әр түрлі командалар беріледі: «қоян» дегенде балалар секіре жөнелулері қажет, «жылыс» деген сөз айтылғанда - еденге бір аяғымен тебінгендей қимыл жасаулары керек; «шаян» командасы берілгенде – арт қарай жүрулері керек; «құстар» сөзі бойынша – қолдарын екі жаққа жайып жүтіру; «тырна» деген сөз бойынша - бір аяғымен тұрулары қажет.	Балалар бір – бірімен сәлемдесіп, белгіленген іс – әрекеттерді жасайды.	3 мин	
2	«Суретшіге көмектес» жаттығуы Мақсаты: бала зейінін және көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: Суретке қарап, суретшінің аяқталмаған жұмысын бітіруге көмектесу. Бала сызбалардағы барлық кемшіліктерді өз бетімен табуы және жоюы керек.		Суретшінің аяқталмаған жұмыстарын салып шығады.	Бланк №9 10 мин.
3	«Болады - болмайды» ойыны Нұсқау: кез – келген бір іс әрекетті айтып, балаға қарай дөпты дақтыру қажет. Бала айтылған іс – әрекет шындыққа сай болса, дөпты қағып алуы керек, ал егер орындалуы мүмкін болмаса болса, онда дөпты кері соғып жіберуі керек. Әртүрлі жағдайларды ұсынуға болады: мен сабаққа барамын; поезд аспын арқылы жүреді; хат тасушы хат әкелді; пингвиндер ұша алады; үй серуенге кетті т.с.с.	Дөптен ойын ойнайды	Дөп 3 мин	
4	«Бәрі есімде» ойыны. Нұсқау: қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Алдын – ала йтылатын сөздерге байланысты тақырыптар талқыланады (қала, өсімдіктер, жануарлар және т.б.). Содан кейін бірінші ойыншы бір сөзді айтады. Екінші ойыншы бірінші ойыншының сөзін және өз сөзін қоса айтуы керек. Келесі ойыншы алдыңғы екі сөзді қайталап, өзсөзін қоса айтады т.с.с. Қателескен бала ойыннан бірден шығарылады.	Ойын шарты бойынша ойнайды	5 мин	
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.	

Тексерілді:

MA

Тақырыбы: «Біз жана жылдық шыршаны безендіреміз!»

Мақсаты: қоршаған ортамен танысу, есте сақтау, қиял, ойлау, зейін және көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Күн шуағы» сәлемдесу рәсімі Армысыз, қайырымды Аспан - Ата! (екі қолымыз жоғарыға) Армысыз, мейірімді Жер - Ана! (екі қолымыз кеудеден құшақ жая) Армысыз, шұғылалы Алтын - күн! (екі қолымыз жоғарыдан төменге күн шуақтарын бөбелей) Әрқашанда Көкте күліп күн тұрсын! (екі қолымыз қайтадан жоғарыға)	Балалар таппасты айта отырып, қимыл әрекеттерді қайталайды	3 мин.
2	«Жұбын тап» ойыны Әр заттын жұбын табыңыз. Қандай зат жұпсыз қалды? 	Заттардың жұбын табады	Арнайы суреттер 5 мин.
3	«Не жоғалды?» ойыны Нұсқаулық үстел үстіне бірнеше заттар немесе суреттер қойылады. Бала оларға жақсылап қарап алып, теріс қарап тұрады. Психолог бір затты не суретті алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, не жоғалғанын табуы керек.	Жоғалған затты атайды.	Заттар немесе суреттер 5 мин.
5	«Біз жана жылдық шыршаны безендіреміз!» жаттығуы Мақсаты: қоршаған ортамен танысу, көрнекі қабылдау дағдыларын, графикалық-қозғалтқыш функцияларын дамыту. Нұсқаулық: түсті қарындаспен шыршадағы ойыншықтарды бояп шық. 	Шыршаға ілінген ойыншықтарды түрлі-түсті қаламдармен бояйды.	Блік және түрлі-түсті қаламдар 10 мин.
6	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:



Тақырыбы: «Алғыр кірпі»

Мақсаты: көрнекі қабылдау дағдыларын, қозғалыс белсенділігін, ойлау, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. «Тілектер» жаттығуы Балаларға шеңбер бойымен отырып, сағат тілімен сол жақта отырған көршілеріне шын жүректен жақсы тілектер айту ұсынылады. Содан соң кімнің не сезінгендігі туралы пікірлесу керек.	Бір – біріне тілектер айтады, тапқылайды.	4 мин.
2	«Қысқы табиғат» гимнастикасы Далада қар борайды, (екі қолдырын көтеріп жел соққан ағаштай тербеледі) Ақ мамыққа орайды (екі қолын алға созып, айнала қар жауғанын бейнелейді) Мұз болады, каталы (екі қолын алға созып, тұзу жоғары-төмен және иі-сала сермелейді) Жып жыптыр боп жатады. (оң қолымен төгіс мұз жасағанын бейнелейді)	Тақпақ айта отырып, жаттығулар жасайды.	2-3 мин.
3	«Қалам – қылқалам» жаттығуы Нұсқаулық: психолог балаларға қаламды – қолын тік созған күймен көрсетеді. Ал, қылқаламды – қолын еркін ұстап, білегін толқындай тербете көрсетеді. Содан кейін әртүрлі командалар беріледі: «Қалам!» - дегенде, балалар қолдарын тік ұстайды; «Қылқалам!» командасы бойынша – қолдарын еркін ұстап, білектерімен толқындата қозғалтады.	Қалам – қылқалам ойынын ойнайды.	4 мин.
4	«Алғыр кірпі» жаттығуы Мақсаты: ауыз екі сөйлеу мәдениетін, танымдық орта, қиял, көрнекі қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: Суретке қарап, танымдық әңгіме құрастыру.		Сурет бойынша әңгімелер құрастырады. Әңгіме құрастыруға арналған сурет 10 мин.
6	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Қорыққанға қос көрінеді»

Мақсаты: қорыққаны қабылдау, ойын түрінде қорқыныштарды жеңу, қозғалыс белсенділігін, ойлау қабілетін дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетширова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	Сәлемдесу рәсімі. «Достар» жаттығуы Барлық балалар домалақ шенбер бойына жиналады / бір-бірін қолдарынан ұстап, күлімсірей / Өн айтуға барамыз Досымызды табамыз Сәлеметсің бе, міне мен. Дос болайын сенімен...		3 мин.	
2	«Тегіс жол сал» жаттығуы Мақсаты: моториканы дамыту, зер салу, көрнекі қабылдау бейімін көтеру. Психолог: «Балалар, қазір түзу жол жасайық.» Қағаз бетіндегі сызық бойына үрмебұршақ (фасоль) дәндерін есептеу таяқшаларының көмегімен қойып шығу қажет.	Есеп таяқшаларының көмегімен, қағаз бетіндегі сызық бойына үрмебұршақ дәндерін қойып шығалы.	үрмебұршақ (10 тал), Есептеу таяқшалары.	
3	Этюд «Қорыққанға қос көрінеді» Мақсаты: бала қиялын дамыту, қозғалысын реттеу, қорқыныш күйін түзету. Жаттығу: Психолог балалармен шенбер бойына жиналады (ара қашықтық – қол созым жер) және барлығына ең үлкен қорқыныштарын елестетуді сұрайды. «Қорыққанға қос көрінер» - дейді психолог (қолымен үлсейген көздерді бейнелей). Балалар психологтың қимылын қайталайды. «Бірақ қазір қорқынышымыз азаяды», - дейді психолог, балаларды қайталануға шақыра отырып, өз қолымен тиісті қозғалыстар жасайды. Балалармен жаттығуларды өткізе отырып, психолог олардың қорқыныш сенімдері бірте-бірте азайып, содан кейін мүлдем жоғалатындығына көздерін жеткізеді. Жаттығудың соңында психолог балаларды бір-біріне қаратып, олардың ешқайсысының «үлсейген көздері» жоқ екеніне көз жеткізіп, солайына ештеңелен қорықпайтындарын айтады.	Этюд бойынша берілген тапсырмаларды орындайды	5 мин.	
4	«Жылқы» атты саусақ гимнастикасы «Ал менің көмекшілерім: қолдарымызды үстел үстіне қойып (алақан жағы төмен қарған күйде): Төртке дейін санадық: (балалар: 1,2,3,4) Санадық та, қолымызды бұрайық. (оң қол, сол қол саусақтарын кезектесе бүту және созу) Құлдыр-құлдыр құлышпа, (қолымызбен суреттегідей бейне жасай отырып) Құлдыр-құлдыр шабасың, (бір орында топ – топ басы) Құлдыр-құлдыр кісіңең, (жылқы бейнесін салғын қолымызды көтере) Қайда кетіп барасың, (бір орында айналып тұра қаламыз)		Саусақ гимнастикасын бірге көрсетеді.	5 мин
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сөйлерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.	

Тексерілді:



Тақырыбы: «Хайуанаттар бағына серуен»

Мақсаты: көрнекі қабылдау, қозғалыс белсенділігін дамыту, көршілер ортамен танысу. Уақыт секундтары туралы түсінікпен танысу

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетшарова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	Сәлемдесу. «Сәлем» жаттығуы Сәлем, аспан!(Қолыңызды көтеріңіз) Сәлем, күн!(Қолыңызбен үлкен шеңберді суреттеңіз) Сәлем, Жер!(Қолыңызды жерге бағыттаңыз) Сәлем, Жер шары!(басымыздың үстінен үлкен шеңбер жасай) Сәлем, біздің үлкен отбасы! (Барлық балалар бір-бірінің қолын ұстап жоғарға көтереді)	Психолог айтқан сөздерді қайталай отырып, көрсеткен қозғалыстарды жасайды	2 мин.	
2	«Жанғақ домалату» ойыны Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. Балаға алақанының арасына грек жанғағын салып домалату ұсынылады. Бір алақанға екі кішкентай жанғақ салуға болады. Айтамыз: <i>Алақанымда дөңгелек, Болшы, болшы дөңгелек!</i>	Алақанға жанғақ салып, домалатады.	3 мин.	
3	«Сықырланған саяхатшы» жаттығуы <i>Шеңберге сықырлы сен жүргенде Барлығыда қатады да, қалады...</i> <i>Бірақ бір уақыттар өткенде Саяхатшы қайта жолға шығады...</i> Осы тапқысты айтып болғанда ойыншылар қатып қалады. Ал психолог секундомерді қосады. Біраз уақыттан кейін секундомер өшіріліп, алақан соғып немесе басқа дыбыстық сигнал беру арқылы «мұздатылған» саяхатшылар қайтадан қозғалысқа келеді. Ойын шарты бойынша олар қанша уақыт «сықырла» болғанын табулары керек. Кім тапқыр екенін анықтау.	Берілген инструкция бойынша ойында және тапқырлық танытады.	5 мин.	
4	«Хайуанаттар бағына серуен» жаттығуы Мақсаты: бала зейінін, визуалды қабылдау, графикалық қозғалыс қызметін дамыту. <i>Көтеріңкі көңілмен, Бірге кәне бәріміз, Пингвиндерді жүсірген, Іздейміз де табамыз.</i> Пингвиндерді табу және оларды бояу.		Суреттегі пингвиндерді тауып, бояп шығары.	Білік, түсті қарындаштар 10 мин
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.	

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Сиқырлы әлем тұрғындары»

Мақсаты: көрнекі қабылдау, қозғалыс белсенділігін дамыту, қоршаған ортамен және минут түсінігімен танысу.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Махинбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. Шеңбер бойымен тұрып: <i>Сәлем, оң қолым</i> - алға қарай созымыз, <i>Сәлем, сол қолым</i> - алға қарай созымыз, <i>Сәлем, досым! Сәлем, досым!</i> – қол ұстасын <i>Сәлем, сәлем, достық әлем!</i> – ұстаған қолдарымызды жоғары көтереміз	Жаттығулар жасайды	2 мин.
2	Саусақ гимнастикасы Бала-бала балақан, Қане қайсы алақан, Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат, - деп сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. <i>Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек</i> – деп айта отырып, жұдырыққа түйілген саусақтарымызды басбармақтан бастап бір біреуден ашамыз. Қайталап саусақ аттарын айта отырып, «кішкентай бөбектен» (шынашақтап) бастап саусақтарымызды жұдырыққа түйеміз. Ескерту: екі қол саусақтары бірге, бірдей ритммен жұмыс жасауы керек!	Саусақ жаттығуын жасаймыз	2 мин.
3	«Тек бір минут!» Жаттығуы Баланы бір минутта (бір секунд, бір сағат ішінде) әлемде не болатынын елестетуге шақырыңыз. Түрлі түсті қағаздың парағын көрсетіп (мысалы, қызыл немесе жасыл, бұл тек бір минут қалуға болатын сиқырлы әлемнің есігі екенін елестетіңіздер. Ойша көзді жұма саяхатқа аттанып, осы сиқырлы әлемде сіздің «саяхатшыңыздың» не істегенін сұраның.	Елестетіп, өз ойларымен бөліседі	Түрлі – түсті қағаздар 3 мин.
4	«Сиқырлы әлем тұрғындары» жаттығуы Жәндіктерді түрлі – түсті қаламдармен бояп, балалармен жәндіктер туралы әңгімелесіңіз.	 Жәндіктерді бояп, олар туралы не білетіндігін баянлайды.	Бланк, түсті қарындаштар
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді	2 мин.

Тексерілді:



Тақырыбы: «Саз – балшық терапиясы»

Мақсаты: Бала буындарының бүлгіштік-ет қысымын жеңілдету, эмоциялық қуаттануға, ой өрісін дамытуға жағдай жасау, көрнекі қабылдау, қозғалыс белсенділігін, ойлау қабілетін дамыту, қошаған ортамен танысу.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Молекулалар» - сергіту ойыны Психолог балаларды ойын ойнауға шақырады: «Балалар, қазір кішкене ойын ойнаймыз. Барлығымыз кішкене атом балшықтарына айналып, бөлме ішінде тыныштықпен, әуен ырғағына сәйкес еркін қозғалас жасаймыз. Музыканы тоқтатқанда, барлық атомдар өздеріне жұп таңдап, сендер молекулаға айналасыңдар. Қайта әуен қосылғанда бір-біріңнің қолдарыңды жіберіп, қайтадан атомдарға айналасыңдар».	Ойын ойнайды	2 мин.
2	«Біз саз – балшықпен танысып жатырмыз» ойыны. Балалар шеңберде отырады. Психолог саз балшық туралы әңгімелейді және оның қандай болатынын балаларға көрсетеді: құрғақ, ылғалды, сұйық. Танысып болғаннан соң, балалар балшық және су бар орындарға отырады. Психолог сазды илеуді көрсетеді (қамырға ұқсағанша). Психолог балшық илеу процесін түсіндіреді: «Балшықты бір қолмен немесе екі қолмен илеуге болады. Бірте-бірте құрғақ балшыққа су құйып, қамыр болғанша иелейміз Балшықты ұстап, қандай екенін сезініп көрейміз: Ол қандай? Құрғақ, дымқыл, салқын балшық сендерге ұнайды ма?».	Саз – балшықпен танысып, илеп көреді.	Саз – балшық майлы, су 15 мин.
3	«Біз доп жасаймыз» техникасы. Психолог релаксацияға арналған музыканы қосады және балаларға саз балшықтан шар жасауларын ұсынады. Шарды допқа ұқсатып, тегіс жасау тапсырылады. Бұл жаттығу балаға өзінің ішкі энергиясын бағытты жұмсауға, оның өз ресурсын сезінуіне көмектеседі.	Саз балшықтан шар жасайды	Саз – балшық майлы 5 мин.
4	«Аялы алақандар» жаттығуы. Балалар шеңбер бойын айналып, бірінен кейін бірі тұрады. Әр бала алдында тұрған баланың басынан, арқасынан, қолының сыртқы бөліктерінен сипалайды (жеңіл жанаса отырып).	Бірінен кейін бірі тұрып, алдында тұрған баланың басынан, арқасынан, қолының сыртқы бөліктерінен сипалайды	2 мин
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:

« 4 » ақпан 2026 ж.

Тақырыбы: «Теніз түбіндегі өмір»

Мақсаты: есте сақтау, визуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігі, ойлауды дамыту, қоршаған ортамен танысу.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Мухамбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. «Балабақша таны...» Біз ақылды баламыз Айтқан тілді аламыз Үлкен – кіші бәрімен Амандасып тұрамыз! Сәлем, сәлем, сәлем!	Сәлемдеседі	3 мин
2	«Кім, қайда өмір сүреді» жаттығуы. Психолог балаларға: «Әрбір жануар, әрбір өсімдіктің өз үйі бар. Егер олардың үйлері болса, онда мекен-жайы болуы керек. - Сендердің тұратын мекен-жайыларың қандай? (балалардың жауаптары) Ғалымдар барлық тірі ағзалардың мекен-жайы деп - олардың тіршілік ету ортасын айтады. Тіршілік ету ортасы - барлық тірі ағзалар мекендейтін құрақ немесе су бөлігі. Мысалы: аюдың мекендейтін орны - орман, дельфин - теңіз, аз тұймедақ - көк ишарыңды. Біз сізбен бірге құрақта тұрамыз. Теңіз бізден қашықта. Елестетіп көргілерің келе ме? Теңіздің түбінде не болып жатыр?» Релаксация «Теніз түбіне саяхат» «Біз тұңғыш терең теңіз түбіне саяхат жасаймыз. Көзімізді жұмып, үлкен су кеңістігін елестетеміз (арнайы жазбалы қосамыз), айналымыздың барлығы су, толқындар шулап жатыр, теңіз бетінде шулап шағалазар ұшып жүр. Біз барлығымыз үлкен кемеді жүзіп жүріміз, кеме дабыз береді (у-у-у-у) – балалар даусымен). Ал енді оянып, бізді теңіз жағалауына қайта жеткізіп салған кемемен қоштасайық (қол бұлғап). Міне сендермен бірге теңіз жағалауында тұрмыз. Су толқындары тыныш қана жағалауға соғып жатыр...»	Сұрақтарға жауап беріп, жаттығулар жасайды	Теніз түбіндегі балықтардың суреті, музыка. 10 мин.
3	«Балықты тап» әлістемесі - түйме терапиясы Психолог балаларға түйме толы сөмке ұсынады, бала қолын сөмкеге салып және психологтың нұсқауларын жасау керек. - ең үлкен балықты, ең кішкентайын және т.с.с /түймелерді/ табу. - әр түрлі пішінді түймелерден қағаздың үстіне балықтардың пішінін, теңіз түбін, тастарды, балдырлар және т.б. салады.	Түймелерден суреттер салды	Түймелер, сөмке, парақтар А-4. 10 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді	2 мин.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Анимызға арналған гүл шоғы»

Мақсаты: есте сақтау, визуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігі, ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортамен танысу.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетшарова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. «Амансың ба Амансың ба, Алтын Күн? Амансың ба, Көк Аспан? Амансың ба, достарым? Сендерді көрсем қуанам.	Сәлемдеседі	3 мин
2	«Көмекшілер» жаттығуы Апам үшін күнде мен, (әндете) Отыңға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай) Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай) Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру) Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай) Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай) Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай) Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)	Өлең айта отырып, балалар қимыл қозғалыстары мен суреттейді.	5 мин
3	«Гүл шоғын жинау» қимыл - қозғалыс ойын Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту, қарым-қатынас дағдыларын, зейін салу қабілетін дамыту. Ойын ережесі: «бағбан» таңдалады, қалған балалар екі қолдарын артына ұстап, шеңбер бойын айнала тұрады. Ортаға гүл салатын ваза немесе ыдыс қойылады. Қолына гүлдер бейнеленген карточкалар ұстаған «бағбан» ортаға шығады. Бағбан: «Мен гүлдерді өте жақсы көремін! Сұғарамын, күнде баптап күтемін!» деп айта отырып, бірнеше балалардың қолына карточкалар таратады), сосын балалар хормен үшке дейін санайды. Санак біткенде қолына карточка алған балалар, шеңберді өз орнына дейін бір айнала жүгіріп келіп, қолындағы карточканы вазаға салуы керек. Кім бірінші салса, сол «бағбан» болып сайланады. Ол вазадағы гүлдерді алып, ойынды қайта бастайды.	Ойын шарттарын сақтай отырып, ойнайды	10 мин
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді	2 мин

Тексерілді:



Тақырыбы: «Көктем келді»

Мақсаты: есте сақтау, визуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігі, ойлау қабілеттерін дамыту, қоршаған ортамен танысу.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: *Махаббетипова М.М.*

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды) Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жақсы) Тіпті «сәлем» - деймін мен, Тауыққа көрші үйдегі («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қанат тұрады) Сәлемет пе, Шуақты күн көкте! (оң қолын кеуде тұсына қойып) Сәлемет пе, Нұрлы аспан көкпенбек! (екі қолын жоғары көтеріп)	Қимыл – қозғалыстар жасай отырып сәлемдеседі	2 мин.
2	«Көктемде не болады?» дидактикалық ойын. Үстел үстіне әртүрлі жыл мезгілдері және маусымдық құбылыстар бейнеленген суреттер (қысқы қар, көк шалғын, күзгі орман, қолшатыр ұстаған адамдар және т.с.с.) араластырып қойылады. Балалар кезекпен тек көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын таңдап алулары қажет және оларды қандай құбылыс екенін айтып беруі керек. Балалармен бірге олардың таңдауларының дұрыс бұрыс екенін анықтап, бірге талқылау қажет.	 не	Балалар тек көктем құбылыстары бейнеленген суреттерді таңдап, олардың атауларын айтулары қажет. Жыл мезгілдері мен түрлі маусымдық табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер. 10 мин.
3	Динамикалық ойын «Бүршік, жапырақ және гүл» Алдымен біз бұл түсініктердің мағынасымен танысып аламыз. Содан кейін, «бүршік» сөзі айтылғанда балалар жұдырықтарын түюлері керек, «жапырақ» сөзі айтылғанда саусақтарын біріктіре алақанын көрсетулері керек, ал «гүл» деген кезде балалар саусақтарын аша алақанын көрсетулері керек. Әдетте психолог тапсырманы балалармен бірге орындайды және олардың қателерін түзейді. Бұл элемент балалардың зейінін керемет түрде дамытады.	Ойын шарттарын сақтай отырып ойнайды.	7 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:

М.М.

Тақырыбы: «Күлімде»

Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту, эмоционалдық көңіл-күй, есте сақтау, визуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігі, ойлау қабілетін дамыту, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. Сәлем, сәлем, балақай! (қол бұлау) Қандай жақсы көктем ай! (ақпан айы) Нұр жамылды далалар (қолдарын жолдары көтеру, бұлау) Келді ауылға көп құстар (құстары қанат қазу) Ал, балалар, дөңгелеңе тұрайық (мәтінге сәйкес іс-әрекеттер жасау) Керегеше керіліп, (керіле) Уықтардай иіліп, (бір жасын қарап іле) Шанырақты көтере, киіз үйді құрайық! (орнитан барға қолдарын көтере, киіз үй бейнесін жасау)	Өлеңді қайталайды.	2 мин
2	«Сықырлы гүл» ойыны. Психолог: «бүгін таңертең тоңқа келгенде, Мерейді көрдім» ашуы келіп тұрған қыздың суретін көрсетіп. Ол диванда жалғыз отырады. Оның көңіл-күйі қандай? Психолог: Менің орнымда қалай әрекет етер едіңдер? Балалар ашуланған қызға көмектесу жолдарын ұсынады. Ол үшін психолог ашулы қыз бейнеленген сурет ортаға қояды. Балалар көмек нұсқалары белгіленген жапырақтарды алып, жан жағынан қоя отырып, гүл бейнесін жасайды. Сықырлы гүл бейнесі пайла болғанда, психолог барлығына көздерін жұмуларын тапсырады және сол сәтте ашулы қыз суретін көңілді қыз суретіне ауыстырып қояды. Психолог: «Қалай ойлайсыңдар, не жасайып жағдай орын алды? Балалар, айтыңдаршы, егер адам ашуланып жатса, онымен сөйлессек, тыныштандыруға тырыссақ, мейірімдімізді танытсақ, оның көңілін көтере аламыз ба? Қане онда біз қалған адамымызға мейірімдімізді танытып көрейікші...» Тыныш әуен қойылады. Бір бала бөлменің ортасында орындыққа отырады, ал қалған балалар оны қоршап, қолдарынан, нығынан, басынан сипалай отырып, жақсы сөздер айтып көреді.	Балалардың жауабы, көмек беру нұсқалары. Әуен атында жағынды сөздер айтылы.	Ашулы келіп тұрған және көңілді қыздың фото карточкасы Музыка 15 мин
3	«Орын ауыстыру» ойын – жаттығуы Психолог: Бір-бірімізге қарап отыра беруден, ішіміз пысты, жалықтық. Кәне, онда жүгірумен. Бойымызды жалайық! Нұсқау берген кезеңде. Орын ауыс тез сен де! Психолог: «Қане онда, көңілді ойыншылар орындарын ауыстырсын» (кім мейірбан, кім күшті және т.с.с.) Кімнің көңілі көтеріңкі, солар орын ауыстырып отырады.	10 мин.	Түймелер, сомка, пірактар А-4.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді	2 мин.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: мамандықтарды тани білу қабілетін бекіту, белгілі мамандық түріне байланысты артық заттарды табу және оның не себепті артық екеніні түсінудіру.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрсеткі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. <i>Армысыз, қайырымды Аспан - Ата!</i> (екі қолымыз жоғарыға) <i>Армысыз, мейірімді Жер - Ана!</i> (екі қолымыз кеудеден күшік жая) <i>Армысыз, шұғылалы Алтын - күн!</i> (екі қолымыз жоғарыдан төменге күн шуақтарын бөліселей) <i>Әрқашанда Көкте күліп күн тұрсын!</i> (екі қолымыз қайтадан жоғарыға)	Өлең жолдарын қимыл – қозғалыстары мен көрсете отырып амадасалай.	3 мин.
2	Дидактикалық ойын – «Бұл не мамандық?» <i>Ойын шарты:</i> балаға жұмбақ жасырылады (слайд арқылы). Слайдта көрсетілген мамандықты атап, сол мамандыққа тиесілі емес, артық затты табуын сұраңыз. Баланың берген жауабын түсіндіруін сұраңыз. Егер жауап беруге қиналса, жетекші сұрақтар қою арқылы көмектесіңіз. Балаға жауабының дұрыстығын өзіне тексеруге мүмкіндік беріңіз: ол үшін бала курсорды сурет бетіне алапырып, бір шерткенде, артық зат слайдтан жоғалып кетеді. - <i>Тәп-тәтті</i> <i>тамағы, астардың ол</i> <i>маманы</i> <i>(Аспаз)</i>	Слайдта көрсетілген мамандық атауын айтады және ол мамандыққа тиесілі емес затты табады, өз жауабын түсіндіреді.	Ноутбук немесе компьютер, слайд 15 мин.
3	Көзге арналған жаттығу. Көздерді оңға – солға, солдан оңға қарай қозғалту; Көз қарашығын көкке одан төменге қарату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру; Тез арада көзді ашып – жұму; Әрбір жаттығу бірнеше рет қайталанады.	Психологтың түсіндіруімен көз жаттығуын жасап үйренеді.	2-3 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Сенімді дос – бағдаршам»

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, есте сақтау, нитуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігі, ойлау қабілетін дамыту.

Мақсатты тон: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрінісі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. Ойымыздан тұрамыз, Қалды белге қоямыз Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір, Біздер шымыр боламыз (қушты көрсете) Қайырлы таң, көздерім! Ояңдың ба ұйқыңнан? Қайырлы таң, құлақтарың! Ояңдың ба ұйқыңнан? Қайырлы таң, қолдарың! Ояңдың ба ұйқыңнан? Қайырлы таң, аяқтарың! Ояңдың ба ұйқыңнан? (Көз көреді, құлақ естиді, қол шапалақ соғалы, аяқтар – топ-топ басады)	Қимыл жаттығуларын жасай отыра амандасады.	3 мин.
2	«Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік» тақырыбында әңгіме – ойын. Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен бүгін жаңу жүргіншілердің ғылыми мектебінде болып үлгердім. Маған ол жерде, жолда жүру қауіпсіздік ережелерін айтып берді! Ал сендер жолда жүру ережелерін білесіңдер ме? -Дұрыс айтасыңдар балалар, жол жүру ережелерін әрқашан сақтау керек! Қане онда, жол жүру ережелерін есіміңге салайыңшы. №1 Ереже Жолдың арғы бетіне қай жерден өтуге болады? Дұрыс, жолдың арғы бетіне тек арнайы жасау жүргіншілер өткелері арқылы өтуге болады. Ол жерде «Жаңу жүргіншілер өткелі» деген арнайы белгі қойылады. Міне қараңдаршы (белгіні көрсетеді). Балалар, ал ең қауіпсіз жол өткелін білесіңдер ме? Бұл – жер асты өткелі. Ол былай белгіленеді (белгіні көрсетеді) №2 Ереже Бағдаршам. Қане балалар, кім бағдаршам белгілерін айтып береді? Дұрыс. «Қызыл адам» белгісі – «Токта!» дегенді білдіреді, ал «Жасыл адам» - «Жүр» деген белгі береді. №3 Ереже Қозғалыс жол болса да, жолдың қызыл шамында өтуге болмайды. №4 Ереже Жолдан өтер алдында, әрқашан жаң – жағымсызды қарайлаймыз. Алдымен қайда қараймыз? Иә, бірінші – сол жағымсызға, жол ортасына жеткенде – оң жағымсызға қарайлаймыз. №5 Ереже Жол үстінде және жол жиегінде ойнауға болмайды. Балалар, егер ата – аналарын автобус, троллейбус және трамвайды қалай айналып өту керектігін естерінен шығарып алса, есіне салып қойыңдар. Аялдамада автобус және троллейбусты тек арт жағынан айналып өту керек. Ал трамвайды тек алдыңғы жағынан айналып өту керек. Келістік пе? Жарайсыңдар балалар! Барлық ережелерді біледі екенсіңдер. Бұл өте жақсы. Тек менің қайтуым керек, басқа да балаларға жол жүру ережелерін айтуым керек. Көріскенше, сау болыңдар балалар!	Жол жүру ережелерін естеріне түсіреді, қайталайды.	Бұрынғы немесе көз – жеткен дисплексиялық ойыншық кейінгі уақыт 15 мин.
3	Көзге арналған қонілді жаттығу. Естеріңізде болсын, балаға оны қаламайтын, тіпті түсінбейтін нәрсені жасауға мәжбүрлеу оңай емес. Бұл жағдайда ойын ойнату тәсілі қолданылады. Көз айналымы жаттығуларын орындау үшін, сіз сағат тілінің қозғалысын көзбен қадағалауды ұсыныңыз. Көз арқылы атыс. «Пақ» деген дыбыстармен бала көз арқылы көкжиек бойын даядап, бірнеше рет атып көрсін. Мұрын арқылы сурет саламыз. Бала ауада қандайда бір затты немесе әріпті визуалды түрде жазып көрсін. Ересек адам баланың жазғанын тауып көруі қажет. Мұндай жаттығу тек көз бұлшық еттерін ғана емес, мойын белгіінде қатайтады, баланың киші – өрісін кеңейтеді. Табиғатты бақылаймыз. Табиғат аясында, аспала ұшып бара жатқан құсты балаға көзбен бақылауды ұсыныңыз. Содан соң бірден көк шөпке немесе жерде жүрген итке назарын аударсың. Барлық іс – әрекет кеңілді әңгіме немесе тақпақтар айту арқылы жүргізіледі. Қарнайым өлеңді жаттаған бала, әрі қарай оны айта отырып, көз жаттығуларын қайталай отырып, бірге жасайды.	Көз жаттығуларын жасайды.	3 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Қоніл-құйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:



Тақырыбы: «Көк пен жердің тұрғындары»

Мақсаты: бала стресін жеңілдету, ойлау қабілетін, қиялын, есте сақтау зейінін дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемет пе? Шуақты күн көкте! (оң қолын жоғары соға) Сәлемет пе? Нұрлы аспан көкпенбек! (екі қолды жоғары соға аспанды көрсетеді) Сәлемет пе? Самал жел желпіген! (екі қолды жоғары көтере екі жанына көзек теңселеді) Сәлемет пе, Кішкентай тал - терек! (оң жаққа оң қолын жаяды). Сәлем, таң жана атқан! Сәлем, күн арайлы! Сәлемге еріну! Бізге есте болмайды. (бастарын шайқай)	Қимыл – қозғалыстар жасай отырып, сәлемдеседі	3 мин.
2	«ӨРМЕКШІ» саусақ гимнастикасы Күні бойы еңбекпен, Өрмекші өрмек тоқиды(оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын тоқыма тоқығандай түйістіреді де бірнеше рет керісінше қайталайды) Нөсер тек кенет селдеткен (саусақтарынсырттыдатады) Еңбегін оның жок қылды (оң алақанмен солқол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі») Күн шықты қайта жарқырап(саусақтарымен күнді бейнелей) Күрғады тез-ақ төңірек(екі қол алақандарын беттестіріп жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иледі) Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын тоқыма тоқығандай түйістіреді де бірнеше рет керісінше қайталайды)	Өзінді айта отырып, саусақ жаттығуларын жасайды.	3 мин.
3	«Көк пен жердің тұрғындары» жаттығуы. Изо – терапия. Мақсаты: бала стресін жеңілдету, ойлау қабілетін, қиялын, есте сақтау зейінін дамыту. Нұсқаулық: Психолог балаларға А4 парақшаларын, түрлі – түсті бояулар мен қылқаламдарын таратып береді. Психолог: «Балалар қане, мына ақ қағаздағы бізге бейтаныс ғаламшарды көк пен жер тұрғындарымен қоныстандырайық. олар ерекше келбетті және өзгелерге ұқсасулары мүмкін. Ол үшін қылқаламдарымызды бояуға бір батырып, ақ қағаз бетіне себелеп шығайық. Қараңдаршы қандай көңілді түстерден шашырама сурет пайда болды. Олар неге ұқсайды? Бірнеше нүктелерді қосу арқылы тұрғындар бейнесін жасап көрейікші». Психолог балалармен бірге кімде қандай бейнелер пайда болғанын қарай отырып, олардың суреттерін талқылайды. Сурет көрмесін ұйымдастыруға болады	Балалар түрлі түсті бояуларды қағаз бетіне шашырата отырып, пайда болған бейнелерді қосып сурет салады және қандай бейне салғанын түсіндіреді.	Түрлі – түсті бояу, қылқалам А4 парақтар, 17 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:



Тақырыбы: «Нәзік гүлдер»

Мақсаты: есте сақтау, визуалды қабылдау, қозғалтқыш белсенділігі, ойлауды дамыту, қоршаған ортамен танысу.

Мақсатты топ: ересектер тобы

Педагог-психолог: *Махинбетиярова М.М.*

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүлдер шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! <i>(қыздар)</i> Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! <i>(ұлдар)</i>	Қызыл – қозғалыстар жасай отырып, сәлемдеседі	3 мин.
2	«Хош иісті гүл» жаттығуы. Гүлдеріміз қызғалдақ <i>(орындарынан тұру)</i> Ашылады әдемі-ақ <i>(қолдарымен гүлді көрсету)</i> Желмен бірге шайқалып <i>(жеңіл теңселіп)</i> Мұрынға жақынапарып <i>(гүлді иіскеу қимылын көрсету)</i> Бір искейің тамсана! Хош иісі тамаша!	Өлеңді айты отырып, сұсақ жаттығуларын жасайды.	3 мин.
3	«Сиқырлы дақтар мен сия тамшылары» жаттығуы. Изо – терапия Мақсаты: ұсақ моториканы, бала қиялын, сөйлеу мәдениетін дамыту. Нұсқаулық: Қағаз парағын дәл ортасынан екі бүктеп қоямыз. Қағаздың бір бөлігіне бояулармен сурет саламыз немесе тек бояуды дақша тамшылатамыз. Содан соң қағаздың екінші бөлігімен жауып, үстінен салмақпен баасып тұрамыз. Бірнеше түстер пайдалануға болады. Ашамыз – не пайда болды: көбелек, жабайы гүл. Бала қиялын дамытуға арналған тамаша сабақ. Қандай сурет пайда болғанын, айта отырып бірге талқылаймыз. Топпен бірге гүл туралы ертегі – әңгімелер құрастыруға болады.	Қағазды ортасынан екі бүктеп, бір бөлігіне сурет салып, екінші бөлігімен үстінен басып, пайда болған суреттерін түсіндіреді.	A4 қағаз, бояу және қылқалам 17 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:

М.М.

Тақырыбы: «Достық күлімдеуден басталады»

Мақсаты: ұсақ моторика, шығармашылық қабілетті, қиял, өзіндік әлемді тану әрекетін дамыту.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетшарова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемет пе? Шуақты күн көкте! Сәлемет пе? Пұрлы аспан көкпеңбек! Сәлемет пе? Самал жел желіген! Сәлемет пе, Кішкентай тал - терек! Сәлем айтпау барлығыңа арайлы - Бізге әсте болмайды!	Қимыл – қозғалыстар жасай отырып, сәлемдеселі	3 мин.
2	«Қалай өмір сүресің?» саусак гимнастикасы. Қалай өмір сүресің? Міне былай! (бас бармағын көрсете) Қалай – қалай жүресің? Міне былай! (екі саусағымен келесі қолының алақатында жүріп көрсетеді) Қалай затты аласың? Міне былай! (үш саусағымен ұстағандай) Қалай затты ұсынасың? Міне былай! (алақатын аша) Қалай қорқытасың? Міне былай! (сүң саусағымен, осыдан көресің дегендей) Түнде қалай ұйықтайсың? Міне былай! (екі алақатын біріктіріп, басын қойып жаастана) Қалай күтесің? Міне былай! (иек астына жұдырығын қойып) Ал қалай бұзық боласың? Міне былай! (екі бетін толғыйтып, алақандарымен басып қалады)	Саусак жаттығуын жасайды.	3 мин.
3	«Достарымның көңіл-күйі» жаттығу – ойыны. Мақсаты: ұсақ моторика, шығармашылық қабілетті, қиял, өзіндік әлемді тану әрекетін дамыту. Психолог: «бүгін біздің сабағымызға бірнеше бауырсақтар домалап келінті (ақ қағазда домалақ формадағы шеңберлер). Олар бізбен достасқылары келеді. Әйтпеген-айы бет – ауызы жоқ болып тұр. Қанекей билізар барлығымыз олардың бет – аузы мен көңіл – күйлерін салып шығайық. Бет пішімін, көздерін, мұрын, құлақ, кекілін салып шығандар. Егер аузын күлімсіретсе салсақ – пайда бауырсақты бауырсақ! Ал егер қасын түйіп, аузын бұртытсақ – бауырсақтың түрі болар ашуланиақ! Енді сендер салған кейіпкерлеріңнің көңіл – күйін бейнелеп үйрендірдер. Бүздірішін суретшілеріме әрдайым тілейтінім – күлімсіреп жүрсін бейнелерің!»	Сурет салады 	Домалақ шеңбер салынған қағаздар, қарындаш 17 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.


Тексерілді: 

Тақырыбы: «Арнайы көлік»

Мақсаты: арнайы көлік түрлері (жедел жәрдем, өрт сөндіру және полиция транспорты) және олардың қолданылу мақсаты туралы бала білімін жетілдіру. Төтенше телефон номерлері туралы бала білімін қалыптастыру.

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	<i>Сәлем, оң қолым</i> - алға қарай созымыз, <i>Сәлем, сол қолым</i> - алға қарай созымыз, <i>Сәлем, досым! Сәлем, досым!</i> – қол ұстасып <i>Сәлем, сәлем, достық әлем!</i> – ұстаған қолдырымызды жоғары көтереміз.	Сәлемдеседі	2 мин.
2	«Арнайы көлік» ойыны. Психолог балаларға арнайы транспорт түрлеріне байланысты сұрақтар қояды: «Өрт болған жағдайда қандай машина шақырылады?, Полиция қызметкерлерінің көлігін көрсет, Жедел жәрдем машинасы» және т.б.с. Содан соң психолог суреттегі арнайы көліктерге байланысты шұғыл байланыс телефон номерлерін табуларын тапсырады және айтып түсіндіреді. 	Балалар сұрақтарға жауап береді және арнайы көлік түрлерін анықтайды.	10 мин.
3	«Армандар орындалады» Психологиялық этюд. Мақсаты: топпен бірге жұмыс жасау, жағымды эмоциялық әсер тудыру. <i>«Балалар, арман дегеніміз не? Бұл өте қымбат, әрі маңызды тілегіміз! Сендердің ойларыңша, арман дегеніміз – қандайда бір сыйлық па? Бүгін біз армандар орындайтын сиқыршылар боламыз және арман – тілектерімізді орындап үйренеміз. Өз армандарыңды естеріңе алыңдар. Ал енді, сол армандарыңды ақ қағаз бетіне, анық қылып жазып, суретін салып шығыңдар. Жазу көрінбейтіндей етіп қағазды бүктелдір. Бүктелген қағазды жіппен орап, барлығымыз ортаға тастайық. Ал енді мына сыйқырлы таяқшаны алып, барлығымыз кезек ретімен «Армандар орындалсын» деп, өз тілек қағаздарыңның үстінен бір тиігізңдер. Келістік пе? Сиқырлы таяқшаны алыңдар. Өте керемет! Ал енді барлығымыз өз жазбаларымызды алайық. Оларды жазалтпауларыңды сұрағамын. Қалай ойлайсыңдар, сендердің тілектерің орындалады ма? Орындалады деген сенімдеріңе мен қуаныштымын!»</i>	Өз армандарын қағаз бетіне сынып шығады.	Қағаз және қалам 7 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қанды? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді:



Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі №27

«22-209 сәуір» 2026ж

Тақырыбы: «Сыпайы сөйлейік»

Мақсаты: өзін – өзі түзеу, жағымды қатынас, жоспарлау шеберлігін қалыптастыру

Мақсатты топ: ересек топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі. Білер қазақ баласы, Сәлем - сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен, Біздер сәлем береміз.	Сәлемдеседі	2 мин.
2	«Сөйлемді аяқта» ойыны. - Балалар мен сөйлемнің басын айтым, сендер аяқтайсыңдар. Өлең жазатын адам ... (ақын) Байды алдайтын кейіпкер? (Алдаркөсе) Бөйгеде шабады ... (ат) Ең сұлу құс ... (ақсу) Қонжықтың анасы ... (аю) 5-тен кейінгі сан ... (6) Аң патшасы ... (арыстан) Қасқыр, түлкі, қоян ... (аң) Әкемнің әкесі ... (ата) Көлік күтетін жер ... (аялдама)	Сөйлемдерді аяқтайды	3 мин.
3	«Суретші» психологиялық ойыны. Мақсаты: ұқыптылық және бала назарын дамыту. Бала суретшінің рөлін ойнайды. Ол кімнің суретін салатын болса, сол адамды мұқият қарап алып, теріс қарап, сөзбен бейнелеп береді.	суретін салатын адамды мұқият қарап алып, теріс қарап, сөзбен бейнелеп береді.	5 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерін қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Тексерілді: 